

Квадрокоптердің техникалық сипаттамасы

(Лот 1)

Дрон: мультироторлы, 4 қозғалтқыш, әр қозғалтқыштың қуаты кемінде 1400Кв, максималды ұшу салмағы кемінде 1050 г, көтерілуінің максималды жылдамдығы кемінде 8 м/с, төмендеуінің максималды жылдамдығы кемінде 6 м/с, ұшу жылдамдығы кемінде 21 м/с, желдің максималды жылдамдығы кемінде 12 м/с, ұшудың максималды биіктігі кемінде 6000 м ASL, ұшу қашықтығы кемінде 32 км, навигациялық GNSS жүйелері: GPS, Galileo, BeiDou, GLONASS; жұмыс температурасы -10-нан +40 градусқа дейін, кіріктірілген жады көлемі 64 Гб, қосымша жады картасына арналған слот, 5000 мА·сағ аккумулятордан жұмыс істеу уақыты кемінде 45 мин, еңкеу диапазоны -135-тен 45 градусқа дейінгі үш осьті аспа, кедергілерді анықтау сенсорлары алдыңғы, артқы, бүйір, жоғарғы және төменгі жақтарда, кедергіні анықтау қашықтығы кемінде 15 метр, бейнені ағынмен беру сапасы 1080р/30fps, сигнал беру қашықтығы кемінде 8 км, жиналған күйдегі өлшемдері 221×97×91 мм-ден аспайды, ашылған күйдегі өлшемдері 348×283×108 мм-ден аспайды, салмағы 920 г-нан аспайды.

Камера 1: CMOS сенсоры кемінде ½-дюйм, ажыратымдылығы кемінде 48 Мп, баламалы фокус арақашықтығы 24 мм, көру бұрышы 84 градус, жарық сезімталдық диапазоны 100–25600, электрондық ысырма 8-ден 1/8000 сек дейін, бейне түсіру H.264, 4K: 3840×2160@30fps 85 Mbps, FHD: 1920×1080@30fps 30 Mbps.

Камера 2: CMOS сенсоры кемінде ½-дюйм, ажыратымдылығы кемінде 12 Мп, баламалы фокус арақашықтығы 162 мм, көру бұрышы 15 градус, жарық сезімталдық диапазоны 100–25600, электрондық ысырма 8-ден 1/8000 сек дейін, бейне түсіру H.264, 4K: 3840×2160@30fps 85 Mbps, FHD: 1920×1080@30fps 30 Mbps, цифрлық зум 8x (56x гибриді зум).

Жылу камерасы (тепловизор): матрица – ванадий оксиді негізіндегі салқындалатын микроболметр, пиксель өлшемі 12 мкм-ден аспайды, ажыратымдылығы кемінде 640×512 пикс, кадр жиілігі кемінде 30 кадр/сек, баламалы фокус арақашықтығы 40 мм, көру бұрышы 61 градус, толқын ұзындығы диапазоны 8–14 мкм, нүктелік өлшеу, аймақтық өлшеу, шу деңгейіне сәйкес температура айырмасы (NETD) ≤50 мК@F1.0, температураны өлшеу дәлдігі кемінде 2°C, фото түсіру: 640×512, бейне түсіру 640×512@30fps 6 Mbps, цифрлық зум 28x.

Қашықтан басқару пульті: экран кемінде 5,5 дюйм, ажыратымдылығы кемінде 1920×1080@60fps, дронмен байланыс антеннасы, Wi-Fi, Bluetooth 5.1, батарея кемінде 5000 мА·сағ, жұмыс уақыты кемінде 3 сағат, кіріктірілген жады 64 Гб, microSD картасына арналған слот, кіріктірілген GNSS – GPS, Galileo, GLONASS, салмағы 680 г-нан аспайды.

Аккумулятор: литий-полимерлі 4S, сыйымдылығы кемінде 5000 мА·сағ, 77 Вт·сағ, 15.4 В, салмағы 336 г-нан аспайды.

RTK модулі: позициялау дәлдігі жоспарда кемінде 1 см + 1 ppm және биіктігі бойынша 1.5 см + 1 ppm, қуаты 1.2 Вт, өлшемдері 51×41×67 мм-ден аспайды, салмағы 26 г-нан аспайды.

Үйлесімді бағдарламалық қамтамасыз ету: дронды нақты уақыт режимінде басқару, ұшу тапсырмаларын жоспарлау және іске қосу, жылу камерасы түсірілімін өңдеу.

Қосымша жинақ: пропеллер – 6 дана, зарядтау құрылғысы, дронды қорғау жабдығы, коректендіру кабелі, USB кабелі, құжаттама.

Жеткізуші тауарды кейіннен тіркеу үшін құжаттардың толық топтамасын Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 409 «Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес ұсынуға міндетті.

Басқарма төрағасы – ректоры

Рахметуллина С.Ж.

Басқарма мүшесі- ғылым және инновация жөніндегі проректор

Конурбаева Ж.Т.

Бағдарлама жетекшісі

Водясов Е.В.

**ТӨЛЕМ ЖӨНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ**

Құны ҚҚС-мен Өскемен қаласына дейінгі DDP шарттары (сатып алушыға дейін жеткізу және өз құрамына барлық мүмкін болатын төлемдерді, салықтар мен баж төлемдерін кіргізеді) негізінде көрсетілген.

Төлем шарттары: Жеткізгеннен кейін.

Жеткізу уақыты: Келісім-шартқа қол қойылған күннен 30 күнтізбелік күннен аспайтын.